

Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 323/8 " Шарбақты ауданы бойынша мүгедектер үшін арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № 279/1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 желтоқсанда № 25495 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабы 8 - тармағына сәйкес Шарбақты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы Шарбақты ауданы әкімдігінің "Шарбақты ауданы бойынша мүгедектер үшін арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2016 жылғы 11 қазандағы № 323/8 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5258 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шарбақты ауданының әкімі

А. Абеуов